

Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 мамырдағы N 585 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. J.E. Austin Associates Inc. компаниясы оларды сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар қазақстан экономикасының қолданыстағы әрі ықтимал перспективалы секторларының бәсекеге қабілеттілігін бағалау және оларды дамыту бойынша ұсынымдарды әзірлеу жөніндегі зерттеулерді жүргізу бойынша қызметтер көрсетуді беруші болып белгіленсін.

2. "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамына осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі